

Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 6 "Сарыбұлақ көшелері мен құрамдас және бөліктеріне атау беру атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 07 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 4134 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқарлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 6 «Сарыбұлақ көшелері мен құрамдас және бөліктеріне атау беру атауларын өзгерту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-116 санымен тіркелген, 2011 жылғы 18 тамыздағы аудандық «Қобда» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауы келесідей жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Сарыбұлақ ауылының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы» ;

шешімнің бүкіл мәтіні бойынша «Сарыбұлақ» сөзі тиісінше «Сарыбұлақ» сөзімен ауыстырылсын ;

шешімнің орыс тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша «аульного», «аула» сөздері тиісінше «сельского», «села» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК